КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 желтоқсан №7119-24-00-2/16198 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Хасанова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша а заматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Аидаров Ерлан Заттарович дара кәсіпкер
«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Ars trade company 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қою толық қанағаттандырылсын.

Аидаров Ерлан Заттарович дара кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Аидаров Ерлан Заттарович дара кәсіпкерден мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Ars trade company 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 24.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.02.2025, судья Хасанова Э. Е., 09.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер ««Ars trade company 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Хасанова Э.Е.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 24.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.02.2025, судья Хасанова Э. Е., 09.03.2025

7119-24-3-1/15670